Муйденова Алия Калжановнаның
6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуге арналған
«Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
СЫН-ПІКІР

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауаптардың біреуін белгілеу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымы (ескертулерді курсивпен белгілеу керек)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Сәйкес келеді
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі көрсету);	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес ЖҒТК-ның 2023-2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым бағыттарының бірі «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» болып бекітілген. Ізденуші А.К. Муйденованың «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғарыда аталған ЖҒТК-мен бекітілген ғылымды дамытудың басым бағытына толық сәйкес келеді.
		2)диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады** /қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған** /ашылмаған.	Докторантпен жасалған ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар азаматтық процестік құқық, соның ішінде халықаралық процесті жүзеге асыруды зерттеу саласының дамуына елеулі үлес қосады, ал оның маңыздылығы жан-жақты ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты талдау нәтижесінде докторанттың таңдап алған тақырыбы аясында өз бетімен ізденіп, дербес жұмыс жасағаны байқалды. Атап айтсақ, 256 отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен ұлттық және халықаралық актілер талданған. Бұдан бөлек дербес сипатқа ие теориялық және практикалық маңызға ие жаңа тұжырымдар мен қорытындылар қалыптастырған. Қорғауға ұсынылған ережелер мен ұсынымдар ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттармен, шетелдік заңнамалармен салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізудің нәтижесінде шығарылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Докторант А.К. Муйденовамен таңдап алынған зерттеу тақырыбы азаматтық процестік құқықтың тың әрі өзекті тақырыптарының бірі. Диссертациялық жұмыста зерттеудің өзектілігі қазіргі мемлекеттің дамуындағы бірнеше басым факторымен дәлелденген: 1. «Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына» сәйкес 6 жыл ішінде тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы құйылуын кемінде 100 млрд АҚШ доллары көлемінде тартуы; 2. 2025 жылғы I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы құйылуы 1,1 %-ға ұлғайып,

			10,1 млрд АҚШ долларын құрауы; 3. Елдің инвсстициялық тартымдылығын нығайту және инвесторлармен ұзақмерзімді іскерлік әріптестікті қолдау мақсатында инвесторлық «Алтын виза» алудың жаңа қағидалары бекітілуі; 4. «Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру арқылы шетелдік инвесторлардың қатысуымен жергілікті жерлерде жұмыс орындарының ашылуы; 5. Сыртқы сауданың көрсеткіштерінің 136 миллиард долларға дейін артуы; 3. Шетелдіктердің қатысуымен азаматтық істер бойынша соттардың жүктемесінің өсуі.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Диссертация құрылымы 3 өзара байланысты бөлімдерді құрайды және олардың өзара бірізділігі мен логикалық байланысын көруге болады. Диссертация мазмұнының құрылымы алға қойған мақсат пен міндеттерге жетуге мүмкіндік берді. Жұмыстағы мәселелер өзара кезектілік пен тақырыптық байланыспен сипатталған. Бұл заманауи әдістерді кеңінен қолдану арқылы және дереккөздер базасын жан-жақты терең талдау арқылы қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыстың ұсынылған құрылымы зерттеу пәнінің ерекшеліктерімен байланысты болған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;**	Диссертанттың алға қойған мақсаты және осы мақсатқа жетудегі міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді

		2) ішінара сәйкес келеді;	сотта қараудың теориялық және тәжірибесін зерттеу, оның тәжірибелік мәселелерін айқындау, оларды талдау, нәтижесінде процестік заңнаманы жетілдіруге бағытталған нақты тәжірибелік ұсыныстар беру болып табылады. Зерттеудің мақсатына жету қойылған міндеттермен айқындалып, олар өз кезегінде толық көлемде шешілген.
		3) сәйкес келмейді	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Жұмыстың мазмұнын талдау көрсеткеніндей оның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Диссертациялық жұмыс оның тараулары мен тараушаларында қарастырылатын барлық теориялық және тәжірибелік мәселелерді қарастыруда логикалық байланыс, реттілік сақталған.
		1) **<u>толық байланысқан;</u>**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Осы жұмыста қарастырылып жатқан мәселелерге қатысты бұрын орын алған ғылыми көзқарастарға, ілімдерге автор тарапынан сыни талдау жүргізілген. Сонымен қатар автор қолданыстағы заңнама ережелеріне де сыни талдау жасаған. Диссертациялық жұмыста ұсынылған нәтижелерге докторант отандық және шетелдік құқықтық ғылымда да, практикада да шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау бағытындағы белгілі шешімдерге сыни талдау жүргізу арқылы келген.
		1) **<u>сыни талдау бар;</u>**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
		4) талдау жоқ	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Отандық құқықтық ғылымда бұл зерттеу ҚР-дағы шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарауды кешенді зерттеудің алғашқы әрекеті болып табылады, бұл, әрине, ережелердің жаңалығын, сондай-ақ диссертациямен негізделген жаңа ғылыми нәтижелерді көрсетеді. Сондықтан алынған нәтижелер мен қорғауға ұсынылған негізгі ережелерді жаңа деп
		1) **<u>толығымен жаңа;</u>**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (25%-дан кем)	

			есептейміз.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа) 3) жаңа емес (25% -дан кем)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Автор осы қорытындыларға шетелдік тұлғалардың қатысуымен істерді қарау тақырыбы бойынша бұрыннан белгілі нәтижелерді кешенді талдау мен дербес зерттеу нәтижесінде алған қорытындыларды әзірлеу арқылы жеткен.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертация авторы А.К. Муйденованың өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы ҚР азаматтық процестік заңнамасын жетілдіру жөніндегі бастамасы ерекше назар мен оң бағаға лайық. Азаматтық процестік заңнамаға ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар шетелдік тұлғалардың сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз ету процесін жеңілдетеді. Айталық, жазбаша дәлелдемелерді тану мен заңдастырумен, ҚР АПК-нің 5 тарауының атауын өзгертумен, ҚР Жоғарғы Сотының «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешу кезінде заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысын қабылдаумен, сондай-ақ ҚР «Шет мемлекеттердің иммунитеті туралы» Заңын қабылдаумен байланысты берілген ұсыныстары заңдық техника тұрғысынан толығымен жаңа болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген** / негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері бойынша тұжырымдар қажетті және жеткілікті ғылыми және практикалық материалдарды, сондай-ақ шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істердің қаралуын қарастыратын статистикалық материалдар арқылы жиналған эмперикалық деректерді жинау және талдау негізінде жүргізілген жұмыстармен

		бағыттары үшін)	байланысты жеткілікті түрде негізделген. Негізгі нәтижелер Scopus дерекқорына кіретін және ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда, сондай-ақ конференция материалдарында жариялау арқылы сыналды. Бұл диссертацияның зерттеу тақырыбы бойынша өз тұжырымдарын жеткілікті түрде негіздеуге мүмкіндік берді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	1-нәтиже. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізудегі процестік ережелерді нақтылау мақсатында ҚР Жоғарғы Сотының **Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешу кезінде заңнаманы қолдану мәселелері туралы** нормативтік қаулысын қабылдауды ұсынамыз. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **2-нәтиже.** Шетелдік тұлғалардың қатысуымен жүргізілетін азаматтық сот ісін жүргізу жалпы және арнайы қағидаттардың негізінде қазақстандық және халықаралық құқықтың нормаларына сүйене отырып азаматтық істерді қарау мен шешуді іске асыратын халықаралық процестің бір бөлігі. Зерттеу нәтижесінде шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешудің арнайы қағидаттары қайта қаралып, қалыптастырылды. Мұндай қағидаттар ретінде: процестік әрекеттердің реттілігі қағидаты; шетелдік тұлғаларды заңдастыру

		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	қағидаты; шетелдік дәлелдемелерді заңдастыру қағидаты; шетелдерде жасалған сенімхаттарды заңдастыру қағидаты, шет елдерде жасалған соттық келісімдерді заңдастыру қағидаты; шетелде жасалған процестік әрекеттерді заңдастыру қағидаты; шетелдік соттардың шешімдерінің заңдастыру қағидаты. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **3-нәтиже.** Азаматтық сот өндірісіндегі шетелдік тұлғалардың авторлық классификациясы ұсынылды. Оған сәйкес шетелдік тұлғалар: а) жеке тұлғалар – шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, босқындар; ә) шетелдік ұйымдар – шетелдік заңды тұлғалар мен заңды тұлға құруды қажет етпейтін ұйымдар; б) шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар жатады. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. 4-нәтиже. Қолданыстағы заңнаманың ***қазақ*** және ***орыс тілдеріндегі*** нұсқаларын ***бірізділендіру*** және де ***іске қатысушы субъектілердің*** құрамын ***жалпы атауда толық*** айқындау мақсатында ҚР АПК 5-тарауының атауын қазақ тіліндегі нұсқасында **Іске**

			қатысатын тұлғалар деген атаумен өзгертуді ұсынамыз. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **5-нәтиже**. Шетелдік элементпен күрделенген азаматтық істерді қарауда босқындар категориясының мәртебесің айқындау мақсатында ҚР АПК 473-бабының 1-тармағына Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен босқындардың азаматтық процеске қабілеттілігі олардың жеке заңымен айқындалады деген *өзгеріс* енгізіп, осы бапты 4-1тармақпен *толықтыруды* ұсынамыз. 4-1-тармақты келесідей редакцияда ұсынамыз: 4-1. Босқындардың жеке заңы – ол оның тұрғылықты тұратын жері бар мемлекеттің заңы, бұлай болмаған жағдайда оның пана сұраған мемлекетінің заңы жеке заңы деп есептеледі. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **6-нәтиже.** Азаматтық құқықтық қатынастардың тең қатысушысы ретінде мемлекеттің, соның ішінде шет мемлекеттердің азаматтық дау туындаған жағдайда іске қатысушы ретіндегі азаматтық процестік тұлғасы анықтала түсуі тиіс. Теориялық

			зерттеулердің нәтижесінде абсолютті және функционалдық иммунитеттен бөлек, **шектеулі соттық иммунитет** ұғымының белгілері анықталып негізделді. Зерттеу нәтижесінде ҚР АПК сәйкес **шет мемлекеттер шектеулі соттық иммунитетті иеленеді** деген тұжырым негізделді. Шет мемлекеттердің шектеулі иммунитетін нақтылай түсу мақсатында **Қазақстан Республикасындағы шет мемлекеттің юрисдикциялық иммунитеті туралы** заң қабылдауды ұсынамыз. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **7-нәтиже.** Шетелдік жазбаша дәлелдемелерді бағалау мен тану дәлелдеудің маңызды элементтерінің бірі. Жазбаша дәлелдемелер ретінде актілер, құжаттардан бөлек, іскерлік және жеке сипаттағы хаттар да танылады. Шетелдіктердің қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізуде ресми емес сипаттағы құжаттарды (іскерлік және жеке сипаттағы хаттар) заңдастырудың жалпыға ортақ тәртібін бекіту қажет. Осыған байланысты, ҚР АПК-нің 100-бабын 7-тармақпен толықтыру қажет деп санаймыз, онда шетел мемлекетінде алынған құжат, егер оның түпнұсқалылығы теріске шығарылмаса және ол белгіленген тәртіппен заңдастырылған болса, сотта жазбаша дәлелдеме ретінде танылатыны көзделуі тиіс. ҚР АПК 100-бабына ***толықтыруды*** біздің

			редакцияда ұсынамыз: **100-бап. Жазбаша дәлелдемелер 7. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген реттерде шет мемлекетте жасалған ресми және ресми емес құжаттар апостиль қою жолымен куаландырылғанан кейін сотта жазбаша дәлелдеме ретінде танылады.** 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген. **8-нәтиже.** Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешуде шет мемлекет соттарымен шығарылған шешімдерді тану процесі маңызды. Осы себепті, мұндай процестің мазмұны зерттеліп, нақты тұжырымдар жасалды. Шетелдік сот шешімін тану дегеніміз ұсынылған шешімді оның анықтылығы, қатыстылығы, жарамдылығы және жеткіліктілігі тұрғысынан бағаланып заңдастыру қағидаты негізінде оның заңды күшін анықтау деген тұжырым қалыптасты. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия;**	Дереккөздер мен ұсынған ақпараттар дәйекті. Жұмысты жазуда қолданылған әдістемелер нақты, негізді. Диссертациялық зерттеуді жүргізуде жалпы

	дәйектілігі	2) жоқ	әдістер, жалпы ғылыми, жеке ғылыми және жеке құқықтық әдістер, яғни диалектикалық, тарихи, формальды-логикалық, талдау, синтездеу, әлеуметтік, статистикалық, салыстырмалы-құқықтық әлістер қолданылған. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот өндірісінің процестік заңнамада қалыптасуы мен дамуын қарастыруда диалектикалық, тарихи, формальды-логикалық әдістер пайдаланылса, процестік заңнаманың сот тәжірибесімен байланысын зерттеуде талдау, синтездеу, әлеуметтік және статистикалық әдістер кеңінен қолданылған. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық іс жүргізудің шетелдік тәжірибесін қарастыруда салыстырмалы-құқықтық әдіс пайдаланылған. Сонымен бірге, сот тәжірибесінде шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қараудағы және құқықтық көмек көрсетудегі нақты тәжірибелік қиындықтар мен заңнамалық олқылықтарды айқындау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар жүргізілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия**; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен өңдеу әдістерін қолдана отырып алынды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара	Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар халықаралық ғылыми-

		байланыстар және заңдылықтар эксперимснттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия**; 2) жоқ	практикалық конференцияларда сыналды
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық зерттеу жүргізуде автор 256 дереккөз пайдаланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Диссертация авторы зерттеу тақырыбына арналған арнайы отандық және шетелдік әдебиеттердің жеткілікті мөлшерін талдады (256 әдебиет)
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертантпен алынған ғылыми нәтижелер бірқатар азаматтық процестік құқық ғылымының салаларында аталған проблема бойынша әрі қарай ғылыми ізденістерде пайдаланылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік маңызы диссертацияда берілген қорытындылар мен ұсыныстар азаматтық-процестік заңнаманы жетілдіруде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Дәлірек айтсақ, халықаралық соттылық, шетелдік тұлғаларды хабардар ету, іс бойынша дәлелдемелер, құжаттарды тану мен шешімдерді орындау бағытындағы ұсыныстарды пайдалануға мүмкіндік бар. Бұдан бөлек осы диссертациядағы берілген қорытындылар мен ұсыныстар шетелдік тұлғалардың

			қатысуымен азаматтық сот тәжірибесін одан әрі ілгерілетуге ықпал етеді. Диссертация материалдары «Азаматтық іс жүргізу құқығы», «Халықаралық жеке құқық» пәндерін өткізу үшін оқу-әдістемелік материалдарды даярлауда қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **<u>толығымен жаңа;</u>** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Автордың қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстары негізделген және заңнамалық актілерде көрініс табуы тиіс.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **<u>жоғары;</u>** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыс түсінікті ғылыми тілмен жазылған және сөйлем құрастыру орынды. Диссертациялық жұмыс осы тектес жұмыстарға қойылатын талаптарға сай рәсімделген.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмысқа қатысты ескертулер мен кемшіліктер жоқ.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымына қатысты принципті ескертулер мен елеулі кемшіліктер анықталған жоқ. Муйденова Алия Калжановна ұсынған «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми-теориялық және практикалық деңгейде орындалған, мазмұны жағынан біртұтас, логикалық тұрғыдан жүйелі жазылған. Осыған қарамастан, жұмыстың мазмұнын одан әрі жетілдіре түсу мақсатында төмендегідей ұсыныстарды береміз: 1) цифрлық технологиялардың қарқынды дамуын және оны сот процесінде қолданудың нәтижелерін ескере отырып, шетелдік тұлғалардың қатысуымен істерді қарауда цифрлық технологияларды қолданудың маңызы мен қажеттіліктерін зерттеу осы

			бағыттағы ғылыми танымды одан әрі тереңдетуге мүмкіндік ашады; 2) шетелдік тұлғалардың қатысуымен істерді қараудың арнайы қағидаттарын қосымша статистикалық және эмперикалық материалдармен нығайту жұмыстың ғылыми мазмұнын одан әрі байыта түсер еді. Жалпы алғанда, аталған ескертпелер ұсыныстық сипатта берілді және диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейіне, мазмұндық тұтастығына, қорытындыларының негізділігіне әсер етпейді. Диссертациялық зерттеу өз алдына қойылған мақсат пен міндеттерге толық жеткен және алдағы ғылыми ізденістер үшін берік теориялық негіздер қалыптастырды.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ғылыми ұсыныстары ғылыми басылымдарда 8 ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Оның ішінде, 4 мақала уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus деректер базасына кіретін басылымда, 3 мақала ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдарында және өзге басылымдарда жарияланды. Бұл мақалаларда автор диссертациялық жұмыстың негізгі қағидаларын көрсете алған, ғылыми тереңдікті танытқан, сондай-ақ шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қараудың теориялық және қолданбалы аспектілерін жан-жақты ашқан. Жарияланымдар академиялық стандарттарға сәйкес дайындалған және тақырып бойынша дербес ғылыми зерттеу деңгейінің жоғары екенін растайды.	
13.	Ресми ренцензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына	Муйденова Алия Калжановна ұсынған «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс тұжырымдамалық тұтастыққа, теориялық талдаудың тереңдігіне және практикалық	

	сәйкес)	маңыздылыққа ие және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және философия докторы (PhD) дәрежесін «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша беру үшін оң бағалауға негіз бар.

Рецензент:
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультеті Азаматтық құқық
және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасы меңгерушісінің
ғылыми-инновациялық жұмыс және
халықаралық байланыстар жөніндегі
орынбасары, доцент м.а.,
философия докторы (PhD) **Карашева Ж.Т.**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
И.о. начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Куанова
«04» 05 2026 ж./г